Қарақия ауданы әкімдігіне қарасты бөлімдер мен ауыл, ауылдық округтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Құрық ауылы **07 тамыз 2026 жыл**

I. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:

«Қарақия ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты тұлғалар:

Бөлімше басшылары мен жауапты мемлекеттік әкімшілік қызметшілер.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының құрамы:

М.Жұмасат– Қарақия ауданы әкімі аппараты басшысының уақытша міндетін атқарушы;

Қ.Үмбетқали – Қарақия ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімшесінің басшысы;

Г.Шәріп – Қарақия ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы *(құқық мәселелері жөніндегі)*;

Ж.Исатаев – Қарақия ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімшесінің бас маманы;

Л.Джидебаева – Қарақия ауданы әкімі аппаратының бас маман-есепшісі *(бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері жөніндегі)*;

Е.Ықыласұлы – Қарақия ауданы әкімі аппаратының бас маманы *(жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс мәселелері жөніндегі)*;

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі:

2025 жыл.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыттары:

1) нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) персоналды басқару бағыты;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) бюджет және қаржы қаражатын игеру;

4) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

5) Қарақия ауданы әкімі аппаратының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Талдау жүргізуге ішкі нормативтік құжаттар пайдаланылды (бұйрықтар, ереже, лауазымдық нұсқаулықтар және басқалары).

II. СИПАТТАМА БӨЛІГІ

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2025 жылы барлығы 2025 жылы барлығы 267 қаулы, 17 шешім, 324 өкім қабылданды.

Оның ішінде: «Қарақия ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 16 «Қарақия ауданына бірыңғай сәулет келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы», «Қауымдық сервитут белгілеу туралы»-2, «Жария сервитут белгілеу туралы»-3, «Қарақия ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін жаңа редакцияда бекіту туралы» Қарақия ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 18 шілдедегі №149 қаулысына өзгеріс енгізу туралы», «Қарақия ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 29 наурыздағы №41 «Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы», «Қарақия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін жаңа редакцияда бекіту туралы» қаулылары және «Қарақия ауданы әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 61 «Сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешімі ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне енгізіліп, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне жарияланды.

2025 жылы нормативтік құқықтық актілерге қатысты прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ.

Аудан әкімінің аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Кодекстеріне, Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулылары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сонымен қатар Қарақия ауданы әкімі аппаратының 2025 жылғы 4 ақпандағы № 17 жаңа Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Аппараттың ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1) персоналды басқару, оның ішінде кадр айналымы;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) бюджет және қаржы қаражатын игеру;

4) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

5) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастыру.

1) ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БАҒЫТЫ

Қарақия ауданының құрылымы 4 ауыл, 3 ауылдық округ және 9 дербес бөлімнен құралады. Облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес, Қарақия ауданында 92 штаттық бірлік бекітілген, басқарушы 1 – саяси мемлекеттік қызметші және 91-мемлекеттік әкімшілік қызметші. (Атап айтқанда, 9-бөлім басшысы, 7 - ауыл әкімі, 3- ауыл әкімінің орынбасары, 3-бөлімше басшысы, 6-сектор меңгерушісі, қалғаны бас және жетекші мамандар)

Қарақия ауданы әкімі аппаратында барлығы үш бөлімше бар, олар персоналды басқару, ұйымдастыру-бақылау, құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мониторингі және цифрландыруды дамыту бөлімшесі.

Аппаратқа бағынысты коммуналдық мекеме, квазимемлекеттік сектор жоқ.

Аудан әкімі аппаратында бекітілген құрылымға сәйкес штат саны 16 бірлікті құрайды, олар аудан әкімі-1 бірлік (А корпус), аудан әкімінің орынбасары-3 (Е-1), аудан әкімі аппаратының басшысы-1 (Е-2), бөлімше басшысы-3 (Е-3), бас инспектор-1 (Е-3), бас маман-7 (Е-4) құралады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша нақты штат саны 91 бірлік, яғни 98,9 пайызды құрады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша таза ауысымдылық саны-2 (Мұнайшы ауылы әкімі аппаратының бас маманы, Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы).

2025 жылы 7 мемлекеттік қызметші жоспарға сәйкес, мемлекеттік органдарда толық тағылымдамадан өтті.

2025 жылы 29 мемлекеттік қызметшіні Мемлекеттік басқару Академиясының өңірлік филиалында біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өткізу жоспарланып, 28 мемлекеттік қызметші біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын сәтті аяқтады.

2025 жылы мемлекеттік қызметке 32 қызметкер жұмысқа қабылданып, персоналды басқару қызметі бөлімімен 25 конкурс өткізілді.

Ішкі конкурс бойынша – 16;

Жалпы конкрус бойынша – 9;

Сайлау қорытындысы бойынша – 4;

Ротация тәртібі бойынша – 1;

Конкурссыз тағайындалғандар бойынша – 2.

Аудан бойынша бірыңғай персоналды басқару бөлімі құрылған, аудандағы мемлекеттік қызметшілерге конкурс жариялау, оларды оқуға жіберу, тағылымдамадан өткізу, олардың қызметіне бағалау жүргізу және тағы да басқалармен айналысады.

2025 жылы қызмет бабында жіберген кемшіліктері үшін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының талаптарын бұзғаны үшін 21 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік шаралар қолданылды.

Оның ішінде тәртіптік комиссия отырысында қарамай тәртіптік жауаптылыққа тартылған қызметшілер саны 19 (ескерту - 18, сөгіс- 1).

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің ұсынымы бойынша-1;

Маңғыстау облысы прокуратурасының ұсынымы бойынша-3;

Қарақия ауданы прокуратурасының ұсынымы бойынша-1;

Маңғыстау облысы әкімі аппаратының ұсынымы бойынша-2;

Мемлекеттік қызметтердің сапасына жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша-5;

Мемлекеттік орган басшыларының қызметтік жазбасы бойынша-7 мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауапкершілігі қаралды.

2025 жылы тәртіптік комиссияның шешімімен - 2 мемлекеттік қызметші тәртіптік жазаға тартылды.

Мемлекеттік органның ережесін қарастыру барысында персоналды басқару бөлімшесі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 19 мамырдағы Заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заңы, «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығы, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы, «Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 14 бұйрығы, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығы және т.б. заңнамалық актілерді жұмыс бабында қолданады.

«Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша бөлім қызметкерлерінің басшымен мүдделер шиеленісі, теріс түсінік деректері анықталған жоқ, бөлім қызметкерлері орнықты жұмыс істеуде, кадрлардың тұрақтамауы жоқ, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдар бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

2) МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Аудан әкімі аппаратында жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффиилендіру фактілері орын алған жоқ. Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың көрінеу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер келіп түскен жоқ.

3) БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚАРАЖАТЫН ИГЕРУ

2025 жылы 122 әкімшісіне 436 607 000 теңге бөлінді, оның ішінде 001 бағдарламасына 331 671 900 теңге бөлініп оның 331 664 420 теңгесі игерілді.

003 бағдарламасына 104 170 100 теңге бөлініп, 104 170 032 теңгесі игерілді. Ауданға қарасты ауылдар мен елді мекендерге 7 дана автокөлік сатып алынды.

005 бағдарламасына 375 000 теңге бөлініп, толықтай игерілді.

006 бағдарламасына 390 000 теңге бөлініп, толықтай игерілді. Старлинк спутник антеннасы сатып алынды.

2025 жылы сатып алу порталында 140 мемлекеттік сатып алулар жоспарланып, жоспар толықтай орындалды.

4) ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАСУ

2025 жылға заңды тұлғалармен жасақталған келісім шарт саны 140, оның ішінде бағалы ұсыныстарға сұраным арқылы 64 келісім шарт, ашық конкурс арқылы 5 келісім шарт, электрондық магазин арқылы 9 келісім шарт, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу арқылы 17 келісім шарт, тікелей бір көзден сатып алу бойынша 45 келісім шарт жасалынды.

Аталған келісім шарттар Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес автоматты түрде электронды келісім-шарт жасақталып, «goszakup.kz» сайтында барлық ақпарат орналастырылды. Бұл ақпараттар кез келген адамға қол жетімді болып табылады, сол себепті бұл бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

5) ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР.

«E-Otinish» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы келіп түскен кез-келген жолданымдар ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) басшылыққа ала отырып, орындалу талаптарының нормалары сақталып, уақытында тіркеліп, өтініш иелеріне тиісті жауаптары берілуде және келіп түскен өтініштердің мерзімінен кеш орындалмауына Қарақия ауданы әкімінің аппараты өтініштерді қарау жалпы бөлім тарапынан тиісті деңгейде бақылануда. 2025 жылы 364 өтініш тіркелген (оның 362 өтініш қаралып, 2 өтініш қанағаттандырудан бас тартылған).

2025 жылы аудан әкімі тарапына 42 жеке қабылдау өткізіліп, 787 азамат қабылданды. Қабылдау барысында азаматтардың өтініштері мен ұсыныстары қаралып, көтерілген мәселелер бойынша түсіндірмелер берілді. Шешуді қажет ететін мәселелер жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жолданып, олардың орындалуы бақылауға алынды.

Азаматтардың басым бөлігінің көтеретін мәселелері жұмыссыздық, тұрғын үй мәселесі, жер қатынастары мәселелері.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында Қарақия ауданы әкімінің 2025 жылғы № 70 өкімімен жұмысшы тобы құрылды. Жұмысшы топқа аудан аумағындағы жұмыспен қамту мәселелерінің жай-күйін зерделеу, жұмыссыз азаматтарды анықтау, жұмыспен қамту шараларына тарту және осы бағыттағы жұмыстардың нәтижелігін талдау міндеттері жүктелді.

***Жұмыспен қамту бойынша**. 2025 жылы 1483 жұмыс орны құрылды: оның ішінде тұрақты жұмыс орындары – 924, уақытша жұмыс орындары – 559.*

01.11.2025 жылы жалпы жұмыс іздеп хабарласқандардың саны 2488 адам. Оның ішінде 1483 адам (65%) әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылды.

Атап айтқанда: 924 адам тұрақты жұмысқа; 298 адам ақылы қоғамдық жұмысқа; 93 адам жастар практикасына; 69 адам әлеуметтік жұмыс орындарына; 28 алғашқы жұмыс орнына; 67 адам «күміс жас» жобасы бойынша; 3 адам «ұрпақтар келісім шарты» жобасы бойынша; 1 адам «Арнайы жұмыс орны» жобасымен. Жоба арқылы Құрық ауылының мүмкіндігі шектеулі азаматы жұмысқа орналастырылып, қажетті техникаларымен қамтылды.

45 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың 1 және 2 бағыттары бойынша оқыту жоспарланды. 2 – бағыт бойынша 45 адам оқу орындарына жолданды. Жолданған барлық азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды. (жоспар – 45, орындалысы – 100%)

190 адам Enbek.kz платформасында талап етілетін дағдыларға сәйкес онлайн оқытылды. (жоспар – 150, орындалысы – 126%)

68 адам онлайн форматында «Бастау Бизнес» жобасы бойынша Кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды. (жоспар – 100, орындалысы – 68%)

Жаңа бизнес идеяларды іске асыру бағытында қайтарымсыз грант беру жоспарға сәйкес 30 адамға 400 АЕК-ден 47 млн теңге қарастырылды. Қарақия ауданы бойынша 30 адамға комиссия қорытындысына сәйкес қайтарымсыз грант берілді. (жоспар – 30, орындалысы – 100%) Олардың ішінде Құрық ауылы – 18 адам, Жетібай ауылы – 8 адам, Мұнайшы ауылы – 1 адам, Бостан ауылы – 1 адам, Құланды ауылы – 1 адам, Сенек ауылы – 1 адам;

«Жұмыс жасаймын» жобасы бойынша 2025 жылы 5 мекемемен келісім-шарт жасақталып, 101 адам жұмысқа жолданды. («Аксон мед» ЖШС – 11 адам, ЖК «КЖБ Сервис» – 1 адам, «Хадид» ЖШС – 75 адам, «Ерсай теңіз порты» ЖШС – 4 адам, «Tasmakhal» ЖШС – 10 адам)

Мұнай-газ және де басқада өндірістік мекемелерге 110 азамат жұмысқа орналасты. Атап айтқанда: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на сервистік қызмет көрсететін мекемелерге – 93 адам, «ҚТЖ» Маңғыстау облысының филиалына – 1 адам, әскерилендірілген теміржол күзеті – 5 адам, «ЕрсайТеңізПорты» ЖШС мекемесіне – 4 адам, СМК-Атамекен мекемесіне – 7 адам).

2025 жылдың 1 желтоқсанына ресми есепке алынған жұмыссыздар саны 2003. Оның ішінде 559 адам белсенді шаралармен қамтылған. Ал қалған 1444 адам- жұмыс іздеушілер. Оның ішінде: Жетібай – 667, Мұнайшы – 230, Құрық – 459, Бостан – 21, Құланды – 49, Сенек – 17, Болашақ – 1.

Жұмыссыздық мәселесіне қатысты азаматтардың айтуына сүйенсек, жергілікті жұмыспен қамту орталықтары арқылы ұсынылатын жұмыстардың еңбекақылары аз және ұсынылған жұмыс орындарына хабарласқан кезде жұмысшылардың қажет еместігін айтып шығарып салады. Сонымен қатар басым көпшілік жұмыссыз азаматтардың жалақысы жоғары мұнай мекемелеріне жұмысқа орналасқысы келеді.

***Әлеуметтік көмек бойынша.** Аудан бойынша жыл басынан 843 адамға 95 млн теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.*

2025 жылы 113 отбасыға денсаулықтарын түзету үшін 12 млн теңге бір жолғы әлеуметтік көмек берілді.

Мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында 2 дана инвотакси (Хайс, Jac M4) қолданысқа берілді. Сондай ақ, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы 23 млн теңге 849 өтінім қабылданып, қызмет көрсетілді.

Жол мәселесі бойынша. *2025 жылы Жетібай және Бостан ауылдарында 1,3 млрд теңгеге 18 шақырым жолға құрылыс - монтаж жұмыстары жүргізілуде.*

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстаушы мекемелермен Аққұдық елдімекенінің жолы тегістелді.

Сондай ақ, демеушілік есебінен 20 шақырымды құрайтын Бесоқты жолына қатқыл табанды жол төселуде.

Тұрғын үй мәселесі бойынша. *Тұрғын үй саласына келсек аудан бойынша тұрғын үй кезегіне 736 адам тіркелген.*

Олар: әлеуметтік жағынан осал топтар - 340;
жетім балалар – 26;
көп балалы отбасы – 211;
бюджеттік санат – 159.

2024 жылы 675 млн теңгеге 44 пәтер сатып алынып, кезекте тұрған аз қамтылған отбасыларға табысталса, есепті жылы 26 пәтер сатып алу үшін 444 млн теңге қаражат қаралып, 22 пәтер сатып алынып, табысталды. Сонымен бірге, мұқтаж жанұяларға демеушілік есебінен 4 пәтер табысталды.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы *аясында - 80 маманға 32 млн теңге біржолғы көтерме жәрдемақы төленді (бір маманға – 369 200 теңге). Тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит рәсімдеуге 54 маманға 499 млн теңге қарастырылды.*

Жер мәселесі бойынша. *Жер саласына бойынша 2025 жылдың 1 қаңтарға жеке тұрғын үй салу үшін жер кезегінде 18 мың тұлға тіркелген.*

Құрық ауылы – 13 945	*Жетібай ауылы – 1 766*
Мұнайшы ауылы – 933	*Сенек ауылы - 157*
Құланды ауылы - 375	*Болашақ ауылы - 500*
Бостан ауылы - 438	

Ауылшаруашылығы мақсатындағы 18 мың га құрайтын 38 жер учаскесі конкурсқа шығарылды.

Кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскесін сату бойынша 16 га жер теліміне 2 сауда-саттық өткізіліп жергілікті бюджетке 9 млн теңге қаржы түсірілді.

Құрық, Жетібай және Сенек ауылдары бойынша бас жоспарлары қайта жасақталып, топографиялық түсірілуін бекіту жұмыстары жүргізілуде. Жоба құны 53 млн тг.

Саржа жерінен үлкен инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында көп функционалды порт және еркін экономикалық аймақ (СЭЗ) құруға 200 га жер телімі резервке қойылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде Қарақия ауданының аумағынан 113 мың га (Елді мекен жері: 102306 га, Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған өзге де жерлер 369,2 га, Босалқы жерлер 10313 га) жер телімін Жаңаөзен қаласының шекарасына Кендірліден курорттық аймақты дамыту мақсатында табысталды.Сондай-ақ, аудан әкімдігінің қаулысы негізінде 599 га жер учаскесі Кендірлі Халықаралық аэропорт құрылысын салу үшін тұрақты жер пайдалану құқығымен берілді.

Игерілмеген 8 мың га жер телімдерінің құжаттары мемлекет меншігіне қайтару мақсатында жер инспекциясына жолданды.

Кәсіпкерлік мәселесі бойынша. *Шағын және орта бизнес субъектілерінің өнім шығарылымы есепті кезеңге 16 млрд теңгені құрады.*

Аудан аумағында орналасқан сауда желілеріндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлардың бағаларын үстеме мөлшерін 15%-дан асырмау мақсатында 32 мониторинг жұмыстары жүргізіліп, 88 жәрмеңке өткізілді.

«Каспий» Әлеуметтік кәсіпкерлік-корпорациясы арқылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тежеу мақсатында, тұрақтандыру қорынан жыл басынан 26 тонна азық түлік жеткізілді.

Туризм мәселесі бойынша. *Бозжыра шатқалынан қонақ үй кешендерін және визит орталығын салу жобалары аясында «Жабайұшқан» қаумалы аумағынан 75 га жер берілді және электр желісін тарту мақсатында тиісті мекемелермен жұмыстар жүргізілді.*

Ұзындығы 35 шақырымды құрайтын Бозжыра шатқалына барар 2 жолдың құрылысын салу үшін сараптама қорытындысы алынды, жоба құны 9 млрд теңге. Қарау алаңына барар жолын бастауға 200 млн теңге қарастырылды.

Бекет Ата жол бойынан 12 гектар құрайтын жер учаскесіне «Визит Ақтау» серіктестігімен Визит орталығы құрылысы салынуда, жоба құны 200 млн теңге. Бүгінгі таңда құрылыс жұмыстары аяқталып, алдағы уақытта пайдалануға берілетін болады.

Тазалық мәселесі бойынша. *Елді мекендердің тазалығын қамтамасыз ету мақсатында есепті жылы 270 млн теңгеге санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді.*

Құрық, Жетібай, Мұнайшы Бостан ауылдарынан 55 млн теңгеге 35 мың шаршы метр қордаланған тарихи қалдықтар тазаланды.

«Ғарыш сапарымен» анықталған 3 нүктеде иесіз қоқыс үйінділері өндірістік мекемелер көмегімен толықтай тазаланды.

Қолданыстағы 2 полигонның толымдылығы 90 пайызға жетуіне байланысты, алдағы уақытта рекультивация жасап, жаңа полигондар ашу, сондай ақ, Жетібай ауылынан солтүстік-шығысында 3 шақырым жерде орналасқан көлемі 6 гектар, 9 мың тонна мұнай қалдығын тазалау және Құрық ауылына модульдік кәріз тазарту имаратының құрылысын жүргізу жұмыстары облыстық «Қоршаған ортаны қорғау» іс-шаралар жоспарына еңгізіліп, жобалық сметалық құжаттама жасақталды.

Сонымен қатар, коммуналдық саланы дамыту мақсатында 412 млн теңгеге 12 дана қажетті арнайы техникалар (2 погрузчик, 2 қоқыс тиегіш көлік, 2 Шахман, КДМ, газель соболь-2 дана) сатып алынды.

Ауданның абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін жаңадан «Таза-Қарақия» коммуналдық кәсіпорны құрылып жыл соңына дейін лизингпен 12 дана арнайы техника сатып алу көзделуде.

Халықтың тыныс тіршілігін қалыптастыру мақсатында тұрғындардың сұранысы негізінде 133 млн теңге Бостан және Жетібай ауылындағы төмен қысымды газ құбырын қайта құрылымдау жобасы іске асырылуда.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясына *3 мың адам жұмылдырылып, 64 арнайы техника көмегімен 166 тонна қоқыс шығарылды және жалпы саны 4 мың түп жасыл желек отырғызылды.*

*Сонымен қатар, ****Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында*** *«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» жобасына «Маңғыстау жергілікті бастама орталығы» қоғамдық қоры қатысып, 2 млн 200 мың теңгеге жеңіп алды. Жобаның мақсаты – Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру, ауданда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық деңгейін анықтау бағытында аудан көлемінде жұмыстар жүргізу болып табылады.*

Телеарна арқылы ақпарат таратуға 2025 жылы 4 млн 400 теңгеге конкурс берілді. Жұмыстарын толықтай жүргізді.

Тұрғындар тарапынан әлеуметтік желілерде көтерілген мәселелер, сұрақтар мен ұсыныстар бойынша кері байланыс орнату жолға қойылған.

Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде аппараттың мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ.

III. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындай келе, Аппараттағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

«Қарақия ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметінде талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Жұмыс тобының басшысы:

Қарақия ауданы әкімі аппараты басшысының уақытша міндетін атқарушы — **М.Жұмасат**

Жұмыс тобының хатшысы:

Қарақия ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы — **Г.Шәріп**

Жұмыс тобының мүшелері :

Қарақия ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімшесінің басшысы — **Қ.Үмбетқали**

Қарақия ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімшесінің бас маманы — **Ж.Исатаев**

Қарақия ауданы әкімі аппаратының бас маман-есепшісі — **Л.Джидебаева**

Қарақия ауданы әкімі аппаратының бас маманы — **Е.Ықыласұлы**

Қарақия аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы — М.Нурсейтова

Қарақия аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы — С.Шапағат

Қарақия аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы — А.Ақболат

Қарақия аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы — Д.Сабитова

Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы — А.Жанайбаева

Қарақия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы — С.Құсайынов

Қарақия аудандық құрылыс бөлімі басшысы — А.Тимурұлы

Қарақия аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы — С.Аманқұлов

Қарақия аудандық кәсіпкерлік және туризм бөлімі басшысының уақытша міндетін атқарушы — А.Исламмағзам

Құрық ауылының әкімі — С.Есенкелдіұлы

Жетібай ауылының әкімі — Р.Каратаев

Мұнайшы ауылының әкімі — Ә.Тәжібай

Құланды ауылдық округі әкімі — О.Бекенбаев

Бостан ауылдық округі әкімі — С.Сырымов

Сенек ауылының әкімі — А.Нурмаганбетов

Болашақ ауылдық округі әкімі — Ж.Тачкараев